

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 93 (9155) | 1953 жылғы 9 май Сенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

ССР Одағы Қорғаныс Министрінің БҰЙРЫҒЫ

9 май 1953 ж. № 53 Москва қаласы

Жолдастар, солдаттар мен матростар, сержанттар мен старшиналар!
Жолдастар, офицерлер, генералдар мен адмиралдар!

Бұдан сегіз жыл бұрын Совет Одағының герман империализміне қарсы Ұлы Отан соғысы біздің толық жеңісімізбен аяқталды. Біздің даңқты Коммунистік партияның басшылығымен бұл дүниежүзілік тарихи жеңіске жетіп, совет халқы мен оның Қарулы Күштері өзінің социалистік Отанының абыройы мен тәуелсіздігін қорғап қалды және Европаның халықтарын фашистік құлдықтың хауінінен құтқарды.

Армия мен Флоттың қатардағы құрамын Жеңіс Күнімен құттықтаймын.
Жеңіс Күні құрметіне бұйырамын:

Бүгін, 9 майда Отанымыздың астанасы — Москвада, одақтас республикалардың астаналарында, сол сияқты, қаһарман қалалар: Ленинградта, Сталинградта, Севастопольде және Одессада отыз дүркін артиллерия атылып, салют берілсін.

Біздің социалистік Отанымыз жасасын!

Қаһарман совет халқы және оның даңқты Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флоты жасасын!

Совет Үкметі жасасын!

Совет Одағының ұлы Коммунистік партиясы жасасын!

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

ССР Одағының Қорғаныс Министрі
Совет Одағының Маршалы
Н. А. БУЛГАНИН.

ЖЕҢІС КҮНІ

Бұдан сегіз жыл бұрын герман империализміне қарсы Ұлы Отан соғысы біздің толық жеңісімізбен аяқталды. Бүгін Советтік Отанымыздың еңбекшілері бүкіл дүние жүзінің прогресшіл адам баласымен бірге бұл тарихи күнді — гитлершіл Германияны жеңгенімізге сегіз жыл толған күнді атап өтеді.

Қаһарман совет халқы және оның Қарулы Күштері гитлершіл Германияны талқандап, өз Отанының ғана бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалған жоқ, мұнымен бірге, Европа мен Азияның халықтарын фашистік құлдық хауінінен құтқарды. Совет халқы бұл бүкіл дүниежүзілік

П. В. Сталин. — Коммунистік партия біздің елімізді біртұтас соғыс лагеріне топтастырды және халық пен армияның барлық күшін ортақ бір мақсатқа — жауды талқандау мақсатына бағыттап отырды.

Ленин—Сталин партиясының басшылығымен, ұлы Сталиннің бастауымен совет халқының қол жеткен жеңісі бүкіл халықаралық жағдайды өзгертті. Бұл жеңістің нәтижесінде Совет мемлекетінің халықаралық беделі бұрынғыдан да артты, демократия мен социализм күші өсті. Европа мен Азияның бірқатар елдері капиталистік құлдықтың бұғауын үзін шығып, социализм құрылысы жолына түсті.

Егіс жұмыстарының қарқыны күшейтіліп, сапасы жақсартылсын

Тоғыспалы әдіспен

Куйбышев атындағы МТС-тің Иван Курбатов жолдас басқарған трактор бригадасының жұмысы қандай қарқынды болса, сапасы да сондай жақсы деп тек «Тропинка Ильича» колхозының колхозшылары ғана емес, бүкіл аудан еңбекшілері мақтан етеді. Бұл дұрыс та, орынды да. Бригаданың тракторшыларының жұмыс қарқыны шапшаң, сапасы жоғары. Мұнда әрбір 15 аттық күші бар трактормен 10 жұмыс күні ішінде 102 гектардан жер жұмысталған. Бригада Ленин ауданы трактор бригадаларының социалистік жарысында бірінші орында келеді.

Тракторшылар көктемнің қымбат күндерінің әрбір сағатын үнемді пайдалануда. Тракторшы Алексей Типкин жолдас 5 смена ішінде 250 гектар жерге тұқым септі. Оның 90 гектарына тұқым торғыпалы әдіспен себілген. Алексей Типкин жолдас былай дейді:

—Тұқымды тоғыспалы әдіс бойынша себу—оның дұрыс сіңірілуіне, егіннен мол өнім алудың берік негізін қалауға мүмкіндік береді. Мен тоғыспалы әдіспен тұқым себідген 90 гектар егістік алаңның әрбір гектарынан 30 центнерден өнім алуға болады деп есептеймін. Өйткені, бұл әдіспен себілген тұқымдық доннің жиілігі біркелкі болады және ол дұрыс өсіп жетіледі. Біз бұл әдісті бийылғы көктемде кеңінен қолданудамыз.

Бригада көктемде кемінде 300 гектар жерге тұқымды тоғыспалы әдіспен сеппек. Олар бұл міндеттемелерін орындау үшін тракторлардың қуатын сарқа пайдаланып, күні-түні бірдей жұмыс істеуде. Тракторшылар А. Типкин және С. Раисах жолдастар «ДТ — 54» тракторымен 3 сеялқаның орнына, 4 сеялқа тіркеп, тұқым себеді. Бұл екеуі сменалық тапсырманы 116 процентпен орындайды. Бұлар-

БҮГІН—ЖЕҢІС КҮНІ.

Бұдан сегіз жыл бұрын герман империализміне қарсы Ұлы Отан соғысы біздің толық жеңісімізбен аяқталды.

Ұлы Отанымыздың және оның Қарулы Күштерінің даңқы арта берсін! Жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы—Коммунистік партияның даңқы арта берсін!

Малазығындық дақылдар себуді ойдағыдай жүргізейік

Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөптің мол қорын жасау жөнінде аса күрделі міндеттер қойылған. Бесжылдық ішінде мал азығын өндіру, оның ішінде шөп өндіру 80—90 процент, малазығындық жеміс тамырлы егіс өндіру үш-төрт есе, сүрленетін шөп дайындау екі есе ұлғайтуға тиіс. Міне, сондықтан малазығындық дақылдардың көлемін ұлғайтумен бірге, олардың әресе, біржылдық, көпжылдық шөптердің, сүрленетін шөптердің және жеміс тамырлы егістің шығымдылығын да еселеп арттыру керек. Алдыңғы қатарлы колхоздардың көпжылдық тәжірибесі малазығындық дақылдарды кең көлемде сеуіп, олардың шығымдылығын арттырудың қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендетуде аса зор роль атқаратындығын толық дәлелдеп отыр.

Өткен жылы Приешім ауданындағы Молотов атындағы колхоздың мүшелері 128 гектар жерге бидайық еккен еді. Ал, колхоз мұның әрбір гектарынан 38 центнердей шөп жыйнады. Полудень ауданындағы «Красное знамя» колхозы 17 гектар жеміс тамырлы егістің әрбір гектарынан 156 центнерден өнім алды. Мұның нәтижесінде аталған колхоздарда қоғамдық өнімді мал шаруашылығы үшін мал азығының мол қоры жасалды. Бұл колхоздардың қоғамдық малы қыстан шығынсыз және күйзеліштікті Малдан алынатын өнім мөлшері де едәуір арттырылды. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Мұның бәрі облыс колхоздарында бесінші бесжылдықта мал шаруашылығы үшін жемшөптің берік қорын жасау жөнінде алға қойылған міндеттерді ойдағыдай орындауға толық мүмкіншілік бар екенін дәлелдейді.

Партиямыз бен үкметіміз қоғамдық мал шаруашылығына онан әрі өркендету жөнінде колхоздарға күнбе-күн қамқорлық жасауға үлкен көрсеткіш берді. Облыс

малазығындық дақылдарды мерзімінде сеуіп, мал азығының тұрақты мол қорын жасаудың негізін қалау.

Көзір бірқатар алдыңғы қатарлы колхоздарында малазығындық шөп егу жұмыстары қызу қарқынмен жүргізілуде. Бұл жұмыс, әресе, Булаев ауданындағы «Новый путь», Калинин атындағы және Октябрь ауданындағы «Щит» колхоздарында ойдағыдай ұйымдастырылған. Мұнда көпжылдық шөп және малазығындық дақылдар егу тез және сапалы жүргізілуде.

Алайда, бірқатар аудандық ауылшаруашылық бөлімдерінің, колхоздардың басшылары мұндай маңызды іске жеткілікті көңіл бөлмей, мал азығының мол қорын жасауға ойдағыдай қамқорлық көрсетпей келеді. Оларда малазығындық біржылдық, көпжылдық шөптер, малазығындық дақылдар егу жұмыстары өте баяу жүргізіліп отыр. Көпжылдық, біржылдық шөптер, жеміс тамырлы егіс, сүрленетін дақылдар егу ісі, әресе, Совет, Мамлют және Соколов аудандарының колхоздарында өте-өте нашар. Мұнда көптеген колхоздар шөп және малазығындық дақылдар егуге күні бүгінге дейін кіріспеген. Ал, Приешім, Октябрь және Булаев аудандарының бірқатар колхоздары осы күнге дейін көпжылдық шөптердің, малазығындық жеміс тамырлы егістің және сүрленетін дақылдардың тұқымын толық дайындап та алмаған.

Булаев ауданындағы «Вторая пятилетка», Стаханов атындағы, «Победа» колхоздарында өткен қыста жемшөптің жеткіліксіздігінен мал шығынына жол берілді. Мал қыстан төмен күймен шықты. Өткен қыста орын тепкен мұндай кемшіліктерді аталған колхоздардың председателдері Мамаков, Жарин, Есенбаев жолдастар бийыл сабақ егуге тиіс еді. Бірақ, іс жүзінде бұлай болмай отыр. Аталған колхоздардың басшылары үстеміндегі жы-

азығындық шөп егудің қолайлы мерзімі босқа өтуде.

Малазығындық дақылдар егуде машина-трактор станциялары колхоздарға зор көмек көрсетуге тиіс екені мәлім. МТС-тердегі бай техника үстеміндегі жылы мал азығындық дақылдар егу жоспарын әрбір колхозда мерзімінде және толық орындауға мүмкіндік береді. Алайда, бірқатар МТС-тердің, әресе, Петропавл, Асанов және Шағлы МТС-терінің басшылары (директорлары Любарь, Чайко, Филиппов жолдастар) өздерінің малазығындық шөп, дақылдар егу жөніндегі жауапкершіліктерін мүлде ұмытып отыр. Соның салдарынан аталған МТС-тер малазығындық дақылдар егу ісін өзі күнге дейін бастаған жоқ.

Көптеген колхоздарда өткен жылдарда егілген малазығындық шөпті күту ісі нашар өткізілуде. Ленин ауданының колхоздарында 105 гектар шөп егілген жер тырмаланған және 49 гектар шөп егілген жерге үстеме қорек берілген. Ал, Колюхов ауданының колхоздарында малазығындық дақылдарды күту, бантау жұмыстары мүлде қолға алынбаған.

Ауылшаруашылық органдарының, колхоздардың және МТС-тердің басшылары біржылдық, көпжылдық шөп, сүрленетін шөп және жеміс тамырлы егістер тұқымын дұрыс пайдаланып, оларды себуді таятауғы екі-үш күннің ішінде аяқтауды, бұл жөніндегі жоспардың әрбір колхозда толық орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Аудандық партия ұйымдары мұндай маңызды жұмысқа жеткілікті басшылық жасап, малазығындық шөп, дақылдар егудің агротехникалық қолайлы мерзімде ойдағыдай өткізілуіне жетісуге тиіс.

Біржылдық, көпжылдық шөптерді және басқа да малазығындық дақылдарды мерзімінде және агротехникалық жоғары дәрежеде себу—бұл мал азығының тұрақты мол қорын жасап, қоғамдық өнімді мал

тарихи жеңіске Коммунистік партия мен ұлы Сталиннің данышпандық басшылығы арқасында жетті.

Совет Одағының 1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы еліміздің көп күшжігер жұмсауын, көп құрбандықты керек етті. Бұл соғыс біздің мемлекетіміз бастан кешірген бұрынғы соғыстардан да ең ауыр соғыс болды.

Күшті және зұлым жауға қарсы сұрапыл соғыста советтік қоғамдық және мемлекеттік құрылыс жеңді, советтік Қарулы Күштер жеңді.

Совет Армиясы гитлершіл Германия мен милитаристік Жапонияны талқандап, Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалды, сөйтіп, өзінің ұлы азат етушілік міндетін аброймен орындап шықты. Бұл жеңіс Совет Армиясының кәзіргі заман қаруымен қаруланғандығын, тәжірибелі басшы құрамы және жоғары моральдық-жауынгерлік сапасы бар екендігін бүкіл дүние жүзі алдында айқын көрсетті. Коммунистік партия тәрбиелеген совет жауынгерлері ұрыс далаларында социалистік Отанымызға шексіз берілгендіктерін көрсетті.

Москва түбіндегі соғыс, Сталинград түбінде 330 мыңдық фашистік армияны қоршап алып, талқандау, Курск түбіндегі ұрыс, жауға берілген сталиндік он соққы және Берлин үстінде Жеңіс Туын тігумен аяқталған 1945 жылғы соғыс операциялары — мұның барлығы қаһарман совет халқының соғыс тарихының дастанына алтын өріппен жазылды.

Совет Армиясының гитлершіл Германияға және оның сыйбайластарына қарсы үш жыл бойы жеке-жеке соғыс жүргізгендігі, ал, АҚШ пен Англия үкметтері Еуропада екінші майдан ашуды ұзаққа созғандығы мәлім. Халықаралық империализм Совет мемлекетінің құлауын күтті. Алайда, соғыстың барысы империалистердің бұл ойы іске аспағандығын және іске аспайтындығын да көрсетті.

Екінші дүниежүзілік соғыстан бұрын Коммунистік партия елімізді белсене қорғануға әзірледі. Елімізде индустрияландыру және ауыл шаруашылығын коллективтендіру саясаты ойғарыдай жүзеге асты. Сөйтіп, Советтік елімізде мейлінше қуатты экономикалық база жасалды.

Советтік қоғамның басшы және бағыт беруші күші—Коммунистік партия халқымыздың күресін бастай білді, бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңісіміздің ұйымдастырушысы және дем берушісі болды. «Ұлы Отан соғысы жылдарында,—деді

Соғыстан кейінгі уақытта совет халқы соғыс түсірген жарақатты тез жазып, еліміздің экономикасы мен мәдениетін өркендетуде ұлы табыстарға ие болды. Еліміздің өнеркәсіп өнімі соғыстан бұрынғы 1940 жылмен салыстырғанда 1952 жылы 2,3 есе артты. Социалистік ауыл шаруашылығының еңбекшілері де орасан зор табыстарға ие болды. 1952 жылы біздің мемлекетіміздің тарихында тұңғыш рет 8 миллиард пұт астық жыйналды. Еліміздің еңбекшілерінің материалдық әл-ауқат және мәдениет дәрежесі барған сайын жақсара түсеуде. Соғыстан кейінгі жылдарда көпшілік тұтынатын товарлардың бағасы алты рет кемітілді, бұдан халқымыз жүздеген миллиард сом пайда түсіріп отыр.

Соғыстан кейінгі жылдарда халықтық демократия елдерінің еңбекшілері де зор табыстарға ие болды. Кәзір партиямыздың XIX съезінің тарихи қарарларымен және Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегімен қаруланған совет халқы коммунизмнің толық жеңісі жолында күресуде. Еліміздің еңбекшілері бейбіт жемісті еңбекпен шұғылданып, бүкіл дүние жүзінде баянды бейбітшілік және халықтардың хауіпсіздігі жолында табанды күрес жүргізуде. Совет Одағының сыртқы саясаты бейбітшілікті сақтау және нығайту саясаты, жаңа соғысты әзірлеуге және оны ашуға қарсы күрес жүргізу саясаты болып табылады.

Мұнымен бірге, Советтік мемлекетіміз өзінің қорғаныштық күш-қуатын тынбастан нығайта береді.

«Совет Одағы соғыс өртің тұтандырушылардың қоқанлоққысынан қорықпайды. Біздің халқымыздың агрессорлармен күрескен тәжірибесі бар, ол агрессорларға соққы беріп үйренген. Ол агрессорларға тіпті азамат соғысында да, Совет мемлекетінің жас және кәзіргісінен әлсіз болған кезінде де соққы берген, оларға дүниежүзілік екінші соғыс кезінде де соққы берген, ал, агрессорлардың біздің Отанымызға тап беруге батылы барса, оларға келешекте де соққы бермек» (Г. Маленков).

Совет халқы Ленин—Сталин партиясының басшылығымен коммунизмнің сәулетті шыңына қарай сеніммен алға басып, өз Отанын барған сайын нығайта түсеуде.

Ленин—Сталин туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен коммунизмнің жеңісіне қарай алға баса берейік!

Колхоздарды радиоландыру

ПАВЛУДАР. (ҚазТАГ). Лебяжі ауданының Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінде радио торабы пайдалануға берілді. Колхозшылардың үйлеріне, оқу үйіне репродукторлар орнатылды. Ауыл еңбекшілері Москва және Алматыдан үнемі хабарлар тыңдайды. Быйыл ауданды радиоландыруды толық аяқтау белгіленіп отыр.

Кәзір облыста 80-нен аса радио торабы жұмыс істейді. Өткен жылдың өзінде ғана 15 колхозда радио торабтары қатарға қозылды. Быйыл тағы 10 колхоз радио торабын салмақ. Май және Михайлов аудандарына қажетті жабдықтар әкелінді. Үрлітүп ауданының орталығына қуатты жаңа радио торабын салу жобаланып отыр.

дың түнгі және күндізгі сменалардағы еңбек нәтижелері бірдей.

Осы сыяқты, тракторшы Иван Жаров жолдас та еңбек озағы. Ол «СТЗ» тракторымен бір сменада 16 гектар орнына, 20—22 гектар жерге тұқым себеді. Ол соңғы төрт жұмыс күні ішінде 89 гектар жерге тұқым сеуіп, 23 килограмм жанар майын үнемдеді. Жаров жолдас жұмыстаған егістік жерді колхоз басқармасы жоғары сапалы деп қабылдады.

Қурбатов жолдас басқарған бригаданың тракторшылары еңбек өнімділігін арттыра отырып, егіншіліктің мәдениетін арттыру ісіне өздерінің келелі үлестерін қосуда. Бригада мүшелері алдағы уақытта тракторлардың жұмыс өнімділігін мықтап арттырып, жаңа зор табыстарға жетпек. Олар әсіресе, тұқым себу жұмыстарын тыңғылықты жүргізуге, бұл істе тоғыспалы, тарқатарлы әдістерді кеңінен қолдануға ұйғарып отыр.

Т. ЕСЕНОВ.

колхоздарына үстіміздегі жылы біржылдық және көпжылдық шөптердің және басқа да малазығындық дақылдардың тұқымын сатып алуға көп қаржы бөлінді. Ауылшаруашылық органдарының, колхоз басқармаларының алдында тұрған негізгі міндет—

Комсомол-жаспар бригадасы

Торанғұл МТС-нің механизаторлары арасында көктем егісін агротехникалық жоғары дәрежеде өткізу жолындағы социалистік жарыс кеңінен өріс алуда.

Социалистік жарыста «Қызыл ту» колхозында жұмыс істейтін комсомол-жаспар бригадасы алда келеді.

Бұл бригада өткен жылы барлық тракторларды толық қуатымен пайдаланып, пар мен аябь жұрту жоспарын ойғарыдай орындаған болатын. Мұның үстіне бригада мүшелері быйыл көктемгі дала жұмыстарына мезгілінде кірісіп, оны қызу жүргізуде.

Егіс жұмыстарында тракторшылар Мейрамов, Бәстемиев, Сейтахметов жолдастар

ды қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөптің берік қорын жасаудың тиісті шараларын қолданбай келеді. Дала жұмыстарының басталғанына едәуір уақыт болса да бұл колхоздарда малазығындық шөп егу қолға алынбаған. Сөйтіп, оларда мал-

сменалық тапсырманы ұдайы артығымен орындап жүр. Тракторшы Бәстемиев жолдас тұқым себуге жұмыс істейді. Ол өзі жүргізетін доңғалақты трактормен күн сайын 18 гектар орнына 26—27 гектар жерге тұқым сеуіп, сменалық норманы 150 процент орындайды. Сол сыяқты, Мейрамов, Сейтахметов жолдастар да өз тракторларының қуатын толық пайдалана отырып, сменалық тапсырманы 130—140 проценттен орындап жүр.

Бригаданың социалистік жарыста озып шығуы — осындай озып механизаторлардың өнімді еңбегінің нәтижесі.

В. СОКОЛОВ.

Міндеттемені орындау күресі

Өткен жылы Майбалық МТС-нің № 4 трактор бригадасы (бригадирі К. Жақиянов жолдас) трактор жұмыстарының жоспарын МТС-те алдыңғылардың бірі болып орындап шыққан-ды.

Бригада быйыл 15 аттық күші бар әрбір трактормен жұмсақ жерге шаққанда 900 гектар жер жұмыстауға міндеттенген болатын.

Бұл міндетті орындау күресінде бригаданың мүшелері белсене еңбек етіп жүр. Тракторшылар И. Батрак, И. Никитин жолдастар сменалық тапсырмаларын ұдайы артығымен орындайды.

М. НАЗАРИН.

ЖАҚСЫ ТӘЖРИБЕ—КӨПКЕ ОРТАК

ШОПАННЫҢ ӘҢГІМЕСІ

Осы үстіміздегі апрель айының бас кезі еді. Мал әлі өріске шыға қоймаған болатын. Мақсатымыз —қой фермасына барып, шопандардың жұмысымен танысу, бағалы бір түлік —қойдың күтімінің жайын білу болатын.

Біз фермаға келгенде аға шопан А. Дүйсенбаев жолдас қой жайлап жүр екен. Біз оның қымбат уақытына қыянат жасамайық деп бір шеттен мал қораларын аралап көре бастадық. Шопан Дүйсенбаевтың өз ісіне жетік, оған ұқыптылықпен қарайтындығы, жұмыс үстінде көлденең іске мойын бұрмайтындығы әрбір қыймылынан көрініп тұр. Қой қоралары әрі таза, әрі құрғақ. Қойлардың күйі жақсы.

Қыс басталғаннан бері Дүйсенбаев жолдасы алдынан не бір қой, не бір қозы шығып болған жоқ. Ол төл алу науқаны басталғалы қарамағындағы 240 саулықтан 277 қозы алып, оларды күйлі өсіруге жетісті. Аға шопанның еңбектегі мұндай жетістігін фермаға келмей-ақ сұрал білгіміз.

Шопан Дүйсенбаев жолдас қой жайлап болысымен біз одан өзінің қой бағудағы іс тәжірибесін қысқаша айтып беруді өтіндік.

* * *

— Зоотехникалық және малдәрігерлік ережелерді бұлжытпай орындап отырсаң,— деді шопан,—жұмысқа қарап, оны беріле істесең, бірде-бір қойды, бірде-бір қозыны шығынға ұшыратпай, аман өсіре аласың. Ісің нәтижелі, берекеді болсын десең,—қажымай-талмай еңбек ет те қыйындықты жеңе білуді үйрен.

Мал төлден өседі, төлді машы, мына біздер өсіреміз. Туған күнінен бастап

қозыларды жақсы күтімге аламын. Қозыға көп күтім керек. Аяқтанысымен-ақ ол енесінің бауырына жармасып, тамақ іздей бастайды. Жаңа туған қозы алғашқы кезде енесін еркін еме алмайды. Сүтке тойғызу үшін бұл кезде мен қозыға енесін жиі- жиі еміземін. Ал, бұдан кейін қозыларды 1—1,5 сағаттан кейін бір еміземін. Горайлы, шөп жей бастаған соң оны белгіленген мезгілде ғана еміземін.

Егер саулық қозысын жарытпаса, ондай қозыларға қолдан сүт беремін немесе оны сүтті саулықтарға телімін. Саулықтардың күтімін де жақсартып отырамын. Оларды мезгілімен жайлап, дұрыс күтемін. Қойға да, қозыға да құнарлы жемшөп беріледі. Оларды жылы сумен суарамын.

Қозының тез торайып өсуі үшін шөп жуеге ертерек үйретіп, оттықартқан жақсы. Біз қозының туғанына әрі кеткенде 10—15 күн болғансоң-ақ оған жемшөп бере бастаймыз. Қозылардың сызды жерге жатуына жол берілмейді. Оның жатар орны әрқашан жылы және таза болады. Өйткені, жаңа туған қозы әлсіз болатыны мәлім. Бұл кезде күтім болмаса, әсіресе, орны жайсыз болса, ол суыққа тез ұрынады.

Қойды да, қозыны да дұрыс жая білу керек. Бұл кезде шопандардың бір ескертіні —ерте көктемде қозылардың жайылымға шығып, суыққа ұрынуынан сақтау. Қозыны өріске жылы күндерде ғана ферма маңындағы жайлымдарға өргізіп бағамын. Қозыға мұндай жайылымды күн-ілері тандан аламыз.

Көктемнің алғашқы күндерінде жайылымға қозының бәрін бірдей шығармаймын. Өз аяғымен жайылып оттай алатын,

марқа қозылар ғана жайылымға шығарылады. Ал, өте жас қозылар қолда бағылады. Оларға құнарлы жемшөпті күні бұрын мол әзірлеп қоямын. Сөйтіп, кенже қозылар өріске шыққанша азықтан ешуақытта тарықпайды.

Қозыларды дұрыс жайып бағу олардың күйлі, жүндес болып өсуіне қолайлы жағдай жасайды. Жазғы жайылым кезінде де қозы күтімін зоотехникалық ережелері сай ұйымдастырамын. Бұл жөнінде бізге зоотехниктер үздіксіз көмек көрсетіп жүр.

Міне, менің төл өсірудегі тәжірибем қысқаша осындай. Табысқа масаттанбай, оны молайта беру үшін қой өсірудегі тәжірибемді ғылым және озып тәжірибе табыстарымен толықтыра түсемін. Мақсатым —жылдағы сыяқты, быйыл да колхоздың қоғамдық малына жүздеген қой өсіріп қосу. Партияның XIX съезінің тарихи қарарларына нақтылы іспен жауап берумен мақсатыма сөзсіз жетемін.

* * *

Шопан кәзір қойды жайылымда бағып жүр. Ол қойды жайып бағуды тыңғылықты ұйымдастырған. Шопанның алдындағы қойында шығын жоқ, оның бәрі күйлі өсірілуде.

А. Дүйсенбаев екі жылдан бері аға шопан болып істейді. Осы аз уақыт ішінде-ақ ол қой өсірудің белгілі маманы болып алған. Сондықтан да колхозшылар оны:

—Сөзіне берік, ісіне тыңғылықты, еңбек сүйгіш адам,—деп орынды мақтан етеді.

М. СӘДУОВ.

Совет ауданы, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы.

МАЛШЫЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ

Ленин ауданындағы «Бұлақ» ауылшаруашылық артелинің алдыңғы қатарлы мал өсірушілері мал шаруашылығында еңбек өнімділігін еселеп арттырып келеді.

Жылқышылар М. Бектеміров, К. Мусин жолдастар осындай мал өсірушілердің бірінен саналады. Озып жылқышылар жылқы бағуды үлгілі ұйымдастырып, жылқыларды күйлі өсіріп жүр.

Сол сыяқты, осы ауданның «Бірлік» ауылшаруашылық артелинің мүшелері де мал шаруашылығында қажырлы еңбек етуде. Олар кәзіргі күндерде өздерінің туған колхозын ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайта беру, оның байлығын арттыру жолындағы күресті барған сайын күшейте түсеуде.

Сауыншылар табысы

Преснов ауданындағы «Организованный труд» колхозының колхозшылары қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде жылма-жыл табысқа жетіп келеді. Олар бесінші бесжылдықтың үшінші жылында қоғамдық мал басын көбейте түспек. Бұл жөнінде малшылар өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алып, оны орындау жолында еңбек үлгісін көрсетіп жүр.

Сауыншылар С. Рахметова, Н. Личаченко жолдастар үстіміздегі жылы қарамағындағы сыйырлардың әр қайсысынан 2 мың 100 литр сүт алуға міндеттенген еді. Кәзір олар өздерінің бұл міндеттемесін аброймен орындауда. Өзара социалистік жарысқа ұштасқан сауыншылар сүтті барған сайын көп алуда. Олар сертіне әрқашан берік.

Қ. АМАНЖОЛОВ.

Совет халқының ұлы жеңісі

Бұдан 8 жыл бұрын — 1945 жылғы 9 майда совет халқы Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтады. Данышпан қолбасшы И. В. Сталиннің басшылығы арқасында Совет Одағының Қарулы Күштері агрессорларды күйрете талқандап, өз Отанының бостандығын қорғап қалды, адамзатты фашистік құлдықтан құтқарды.

Совет Одағының бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңісі дүниежүзілік майдандағы күштердің арасалмағын түбірімен өзгертті. Социалистік мемлекет соғыстан бұрынғыдан анағұрлым қуатты ел болып шықты, оның халықаралық беделі қай кездегіден болса да артып, нығайды.

Совет Одағына тұтқыйыдан қарақшылықпен шабуыл жасаған гитлершілдер еңбекшілердің дүние жүзіндегі тұңғыш мемлекетін құртуды, помещиктер мен капиталистердің үкметін қалпына келтіруді көздеген өсуастық жоспарын қысқа мерзімде жүзеге асырамыз деп үміттенді. Фашистік Германия орасан көп, толық жасақталған және жауынгерлік тәжірибесі бар әскерлерді Совет Одағына қарсы аттандырды. Отанымызға аса күшті хауіп туды.

Коммунистік партия, ұлы Сталин бастаған совет халқы елді қорғауға біркөсідей аттанып, өз мемлекетінің экономикалық және соғыс қуатын, мызғымас берік моральдық-саяси бірлігін, жалынды патриотизмін жауға қарама-қарсы қойды.

Совет Одағының фашистік Германияға қарсы Ұлы Отан соғысының ең басты кезінің өзінде-ақ орасан зор халықаралық маңызы болды. Өз Отанының намысын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғай отырып, совет жауынгерлері сонымен бірге өзінің интернационалдық борышын орындады. Бүкіл адамзатты фашистік құлдық хауіпнен қорғады.

1941 жылғы 7 ноябрьде, Москвадағы Қызыл алаңда болған парадқа қатысқан әскерлерге арнаған сөзінде Сталин жолдас былай деді: «Неміс басқыншыларының талаушы шапқыншыларын құрта алатын күш деп бүкіл дүние жүзі сіздерге сеніп отыр. Неміс басқыншыларының тепкісіне түскен Еуропаның құлдықтағы халықтары сіздерді өздерінің азат етушілері деп сеніп отыр. Сіздерге ұлы азаттық міндеті жүктеліп отыр. Осы міндетті орындауға сай болыңдар! Сіздердің жүргізіп жатқан соғысыңыз — азаттық соғысы, әділ соғыс».

Соғыстың езгі мақсаттары Совет Одағының халықтарын жеке-жарып жауға қарсы күресте ерлік істерге жігерлендірді. СССР еңбекшілері Коммунистік партияның, Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасты.

Біздің жауынгерлеріміз майданларда

Соғыстың екінші жылының өзінде-ақ гитлерлік армияның соғыс техникасының саны жөніндегі басымдылығы толық жойылды. Совет Одағының Қарулы Күштері қуатты танк және механикаландырылған құрамаларға, авиация және артиллерия құрамаларына ие бола бастады.

Сталинградтың түбінде болған ұлы шайқаста Совет Армиясы жаудың 330 мыңдық тобын қоршап алып, жойып жіберді. Бұл шайқаста біздің бронетанктің және механикаландырылған әскерлеріміздің, авиация мен артиллерияның мызғымайтын жауынгерлік қуаты шешуші роль атқарды. Жоғарғы Бас Қомандованының қолында бұл әскерлер таңдаулы гитлерлік армияларды тарихта болмаған қысқа мерзімде қоршап алуды жүзеге асыруға көмектескен күшті құрал болды.

Сталинградтағы шайқас дүниежүзілік екінші соғыстың барысында болған түбірлі бет бұрыс болды. Бірақ, жау жеңілгені үшін кек алуға үміттенді. Батыс Еуропада екінші майдан болмағандықтан, гитлерлік командование ол жақтан өзінің көптеген әскер бөлімдерін алып, оларды шығыс майданға әкелуге, сөйтіп, 1943 жылдың жазында Курск ауданында жаңадан үлкен шабуыл бастауға мүмкіндік алды. Бұл шабуылдың нәтижесі жұртқа мәлім. Гитлершілдер бұл жолы да талқандалды.

Душпанның шабуылы жасау стратегиясын біржолата талқандаған Курск маңындағы шайқас неміс-фашист басқыншыларының әрекеті мүлде үмітсіз екендігін мейлінше айқын көрсетті. «Егер Сталинград жанындағы ұрыс неміс-фашист армиясына төнген қаратүлектің хабаршысы болса, — деді Сталин жолдас, — ал, Курск жанындағы ұрыс оны апаткі ұшырайтын халге жеткізді».

Курск маңындағы біздің жеңісіміздің нәтижесінде гитлерлік армия стратегиялық қорғанысқа көшіп, осы қорғанысқа көшуін ол өзінің түпкілікті жеңілген күніне дейін қолдануға мәжбүр болды. Біздің армиямыз шешуші жеңістерге ұласқан 1944 жылды толық күшпен, жауынгерлік тәжірибесін молайтқан кезінде қарсы алды. Бұл жылы жауға сталиндік қуатты он соққы берілді. Гитлершілдер Украин, Белорус, Карел-Фин, Молдаван, Эстон, Латыш және Литван Советтік Социалистік Республикаларының жерінен қуылды. Отанымыздың мемлекеттік шекарасы Кара теңізден Баренцovo теңізіне дейінгі жерде түгел қалпына келтірілді. Осы тарихи жеңістер дүниежүзілік екінші соғыстың тағдырын шешті.

Соғыс аяқталуға жақындады, бірақ, жау әлі де қасарысып қарсылық көрсетті. Сталин жолдас Совет Армиясының

Елімізді индустрияландырудың және ауыл шаруашылығын коллективтендірудің лениндік-сталиндік саясаты арқасында біздің Отанымыз белсенді қорғанысқа алды-ала әзірленді. Соғыс жылдарында партия халықтың барлық күшін біртұтас біріктіріп, ортақ мақсатқа бағыттады, барлық күш пен құралды жауды талқандау ісіне бағындырды. Совет Армиясының тылғындай берік тыл бірде-бір капиталистік армияда болмағанын және болуы мүмкін еместігін соғыс айқын көрсетті.

Коммунистік партия совет жауынгерлеріне соғыстың мақсаттарын түсіндіріп, оларды Отанға шексіз сүйіспеншілік рухында және жауға өшпенділік рухында тәрбиеледі, олардың жауынгерлік рухын нығайтып отырды. Коммунистер жауынгерлерді сөзімен де, ісімен де ерлік істерге жігерлендірді. Коммунистер майданның ең шешуші участоктерінде болып, ұрысқа бірінші болып аттанып, Отанға жанаямай қызмет етудің өнегесін көрсетті.

Совет халқының және оның Қарулы Күштерінің тарихи жеңісі Носиф Виссарионович Сталиннің есімімен тығыз байланысты. Сталин жолдас совет халқының шетелдік басқыншыларға қарсы күресіне басшылық етті. Жоғарғы Бас Команданың данышпандық жоспарлары бойынша және оның тікелей басшылығымен майдандағы шешуші операциялардың бәрі алдын-ала әзірленіп, жүзеге асырылды.

Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтап, Совет Одағының халықтары игілікті еңбекке кірісті. Соғыстан кейінгі бірінші бесжылдық ойдағыдай орындалды. Біздің халқымыз орасан зор жігермен жаңа бесжылдық жоспарды да жүзеге асыруда. Коммунистік партияның XIX съезі белгілеген кәсіргі басты міндеттер — социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту жолымен коммунистік қоғам орнату, қоғамның материалдық және мәдени дәрежесін үздіксіз арттыра беру, қоғамның мүшелерін интернационализм рухында және барлық елдердің еңбекшілерімен туысқандық байланыстар орнату рухында тәрбиелеу, советтік Отанды оның жауларының агрессиялық қыймылдарынан қорғауға барынша нығайта беру.

Жаңа бесжылдықты ойдағыдай орындау мемлекетіміздің экономикалық қуатын бұрынғыдан анағұрлым нығайтады.

Игілікті бейбіт еңбекпен шұғылданып жатқан совет халқы бейбітшілік жолы да дәйектілікпен және қажырлылығымен күресуде. «Сыртқы саясат сапасында біздің қамқорлық жасайтын басшы ісіміз, — деп көрсетеді Г. М. Маленков



Петропавл паровоз депосының дайындау цехының токарі комсомолец Александр Могутнов жұмысты ақаусыз істеп, айлық тапсырманы үнемі екі есе орындап отырады.

СУРЕТТЕ: Александр Могутнов жұмыс үстінде.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

ЖЫЛЖЫМАЛЫ КІТАПХАНАЛАР

Кониюхов аудандық кітапханасы саяси, ғылыми, ауылшаруашылық және көркем әдебиет кітаптарынан жылжымалы 12 кітапхана ұйымдастырды. Бұл кітапханалар көктем егiсiнде жүрген колхозшылар мен механизаторларды кітаппен қамтып отыратын болады.

Жылжымалы 3 кітапхана кәзірдің өзінде «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының дала және трактор бригадаларына жіберілді. Кітапхана өзінің көктем егіс кезіне арнаған жұмыс жоспарында егіншілер арасында саяси-бұқаралық жұмыстарын жүргізуде колхоздың партия ұйымы мен үгітшілер тобына көмектесуді жоспарлады. Аудандық кітапхананың қызметкерлері «Жауынгерлік листоктар» шығаруда және дала қостарында әңгімелер өткізіп, дауыстап газет оқуда үгітшілерге көмектеседі.

А. СТЕПАНОВ.

Сәулелі газет

Жақында Преснов ауданындағы «Сталин жолы» колхозының колхозшылары мен мектеп оқушылары кино аппараты арқылы экраннан бастауып партия, комсомол ұйымдары мен колхоз басқар-

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі Бюросының мазмұндамасы

СТОКГОЛЬМ, 6 май (СОТА). Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Бюросы Стокгольмде болған Бюро мәжілісі туралы баспасөз үшін мазмұндаманы берді.

Мазмұндамада былай делінген:

«1953 жылы 5-6 майда Стокгольмде Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі Бюросының мәжілісі болды.

Бейбітшілік Шартын жасасу мақсатымен бес ұлы мемлекетті өзара келіссөздер жүргізуге шақырған бейбітшілікті қорғаудың халықтар Конгресі Үндеуін барлық үкметтерге жіберген Халықаралық Комиссияның ісін Бюро құттықтайды.

Бұл Шарттың кәзірдің өзінде-ақ бүкіл дүние жүзінде кең қолдау тапқандығын Бюро үлкен қанағаттанғандықпен атап көрсетеді; Бюро барлық елдердің жұртшылығын осы Үндеуді қолдауға шақырады. Мәселелердің келіссөздер жүргізу жолымен шешілуі — күш қолдану көмегімен шешілудің тәсілін жеңіл, салтанат құруға тиіс екендігін Бюро тағы да атап көрсетеді.

Бюро бірнеше жылдан бері бейбітшілік қозғалысы уағыздап келе жатқан қарапайым ақылқаттар, сол сыяқты, өзі қолдап отырған ақылға сыйымды бастамалар жеміс бере бастағандығын атап өтеді. Күш-жігерді еселей түсуді талап ететін жаңа жағдай туды.

Соңғы оқыйғалардың нәтижесінде келіссөздер идеясы жағына жаңадан миллиондаған жақтаушыларды тартты. Бұл оқыйғалар халықтарға халықаралық шиеленісуді өзінің қыймылымен әлсірете алатындығын, олардың жалпы пайдасына қызмет істеп, гүлденуінің қайнар көзі болатындығын көрсетеді.

Кореяда келіссөздер қайтадан жүргізілуде. Халықтар осы келіссөздер жуыр арада уақытша бітім жасасуға және

орасан күйзеушілікті тудырып отырған, бүкіл дүние жүзіне таралуға хауіп төндіріп отырған жанжалдарды тезірек шешуге жетісуді талап етуге міндетті.

Сол сыяқты бейбітшілікті сақтау мүддесі, ақырында, Германия мәселесін бейбітшілік жолымен шешу үшін төрт ұлы мемлекеттің арасында келіссөздер жүргізуді талап етеді. Халықаралық шиеленісуді әлсіретуге тікелей немесе жанамалай қарсылық көрсетіп отырған күштер бар. Бірақ, бұл күштерді жеңіліске ұшырату көміл ақыл мен бейбітшілік сүйгіш адамдар қырағылығының қолынан келеді. Бұл бейбітшілік сүйгіш адамдар келіссөздердің беделін түсіруге және оларды созаққа сала аларлыққа әрекеттер мен тіміскіленулердің барлығына да кедергі жасай алады. Бейбітшілік сүйгіш адамдар келіссөздердің басталып, ойдағыдай аяқталуы үшін қолдан келгеннің барлығын істеуді үкметтерден талап етеді.

Келіссөздерге көмектесетін жаңа жолдарды іздестіріп және соңғы уақыттағы оқыйғалардың ықпалымен келіссөздердің мүмкіншілігін және қажеттілігін керексіне бастағандарды бейбітшілікті қорғау жағына тарту үшін, Бюро 1953 жылы 15 июньде Будапеште Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің сессиясын шақыруға қарар қабылдады.

Халықаралық комиссияның соңғы оқыйғаларын еске ала келіп, сессия келіссөздер арқылы қол жеткен қарарлардың қандай жағдайлар болса да салтанат құруына жетісудің қажеттігіне сессия ерекше назар аударады. Сессия жұмысы халықаралық шиеленісуді әлсірету ісіне өзінің үлесін қосып, халықтардың хауіпсіздігін қамтамасыз етуге және олардың тәуелсіздігін құрметтеу ісіне көмектесетін болады.

СТОКГОЛЬМ, 6 май 1953 жыл».

Финляндияның бейбітшілік жақтаушылар комитетінің халыққа арнаған үндеуі

ХЕЛЬСИНКИ, 6 май (СОТА). Финляндияда майдың 10-нан 17-не дейін бейбітшілік аптасы өтетін болады. Осыған байланысты «Финляндиядағы бейбітшілік жақтаушылар» ұйымының Орталық Комитеті үндеу жариялап, онда бес ұлы мемлекет арасында Бейбітшілік Шартын жасасу сол сыяқты Финляндияның мүддесіне де сәйкес келетіндігі атап көрсетілген. Үндеуде айтылғанындай, халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресі комиссиясының ұсынысы Финляндияға да тікелей байланысты. Үндеуге қол қоюшылар, Финляндияның

ресми топтары комиссияның осы үндеуін қолдауға толық негіз бар деп мәлімдейді. Өйткені, Финляндия өзінің мемлекеттік шарттарында бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың барлығын қолдауға міндеттеніп отыр ғой.

«Финляндиядағы бейбітшілікті жақтаушылар» ұйымының Орталық Комитеті барлық бейбітшілік сүйгіш азаматтарды, олардың саяси сенімі және дүниеге көзқарасының әртүрлі болуына қарамастан, бейбітшілік үшін күреске бірлесуге шақырады.

ерлікпен шайқасып, жұмысшылар, колхозшылар, совет интеллигенциясы тылда жан аямай еңбек етті. Орасан ауыр мұқтаждыққа төзуге тура келді, құрбандық та аз болған жоқ, бірақ, жеңіске жету мақсаты үшін, халық барлығына да іркілмей барып, бақытты болашақ үшін өзінің майдан мен еңбектегі жігерін есеуіп арттырды.

Еліміздің шаруашылығы бірнеше айдың ішінде соғыс мүдделеріне бейімделіп, толық қайта құрылды. Совет Армиясы соғысты ойдағыдай жүргізу үшін не керектің бәрін ала отырып, жауға аса күшті соққылар берді.

Аса маңызды стратегиялық бағыттарды қарсы атакалар мен қарсы шабуыл жауға ұштастырылған белсенді қорғаныс ұйымдастыра отырып, біздің айбынды әскерлеріміз соғыстың алғашқы кезеңінің өзінде неміс фашист армиясының соққы беруші күшін әлсіретті. Москваның түбінде гитлерлік әскерлердің жеңілмейтіндігі туралы ертегінің құл-талқаны шықты.

Гитлерлік Германияның күштері әлсіреп, біздің елдің күштері күннен-күнге есеуіп артты. «Енді соғыстың тағдыры, — деп жазған болатын Сталин жолдас 1942 жылғы 23 февральдағы бұйрығында, — түткібилық сыяқты өткініші жағдай шешпейді, оны енді тылдың беріктігі, армияның моральдік халы, дивизиялардың саны мен сапасы, армияның қару-жарағы, армияның басшы құрамының ұйымдастырушылық қабілеті сыяқты баянды күші бар факторлар шешеді».

Баянды күші бар факторлардың ролі туралы сталиндік ұлы қағиданың орасан зор теориялық және практикалық маңызы болды. Осы факторларды дұрыс еске ала отырып, партия мен үкмет ең басты күш-жігерді негізгі міндеттерді шешуге жұмсады, өйткені, соғыстың жеңіспен аяқталуы осы міндеттерге байланысты болды.

Үгітшілер қос басында

Калинин атындағы колхоздың (Преснов ауданы) егіс даласында 19 үгітші жұмыс істейді. Олар мәдени қостарды үнемі әңгіме өткізіп, дауыстан газет оқу арқылы колхозшылар мен механизаторларды көктемгі дала жұмыстарын қысқа мерзімде агротехникалық жоғары дәрежеде өткізу күресіне жұмылдыруда. Үгітші коммунистер Тауқұдыретов, Ыбрайымов, Шиякин жолдастар 1 Май мерекесі күндері егіншілердің социалистік жарыста алған міндеттемелерін толық орындауына жетісті. Кәзір колхоз үгітшілері егіншілерге ҚКП Орталық Комитетінің ІV пленумының қаулысын түсіндіріп жүр.

Ж. КЕНЖЕТАЕВ.

ды оның өз үңгірінде біржолата құрту және Берлин үстінде Жеңіс Туын тігу» міндетін қойды. Социализм елінің қаһарман жауынгерлері Жоғарғы Бас Команданың бұйрығын алғоймен орындап, Европаның халықтарын фашистік құлдықтан азат етті.

Өзінің одақтастық міндеттемелерінен айнымайтын Совет Одағы гитлерлік Германияны талқандағаннан кейін өз қаруын империалистік Жапонияға қарсы жұмсады. Совет Одағының Қарулы Күштері миллиондаған Квантун армиясына қысқа мерзімде талқандады, мұның өзі дүниежүзілік екінші соғыстың жедел аяқталуына жеткізді.

Совет жауынгерлері Отан соғысында мәңгі өшпейтін ұлы ерлік көрсетті. «Герман фашизмімен жекпе-жек күресте, — деді партияның XIX съезінде Ворошилов жолдас, — нағыз жетілген советтік қарумен және кәзіргі заманның алуан түрлі соғыс техникасымен жабдықталған, сталиндік мектептен тәрбие алған генералдар, адмиралдар және маршалдар басқарған Совет Одағының Қарулы Күштері социалистік революцияның аса ұлы стратегі және кеменгер қолбасшы Сталин жолдасын бастауымен, өзінің ерлігімен, жаңын аямаған батырлығымен және нағыз әскери шеберлігімен Отанды өшпес даңққа бөледі».

Совет Одағының Ұлы Отан соғысындағы бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңісі советтік қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың капиталистік құрылыстан өлшеуіс артықшылығының бейнесі болды. Фашистік Германия мен империалистік Жапонияны талқандаған жеңіс — сталиндік соғыс ғылымының салтанаты.

Совет халқы мен оның Қарулы Күштері өзінің барлық жеңістеріне Коммунистік партияның дұрыс басшылығының, алыстан болжайтын дана саясатының арқасында жетті.

Колхоз партия ұйымының есебі

Жуырда болып өткен Октябрь аудандық партия комитетінің кезекті VII пленумы «Трудовик» колхозы партия ұйымының секретары Дудников жолдасын бастауыш партия ұйымының жұмысы жөнінде баяндамасын талқылады.

Баяндамашы және жарыссөзде сөз сөйлеуші жолдастар колхоз партия ұйымының қоғамдық шаруашылықты онан әрі өркендету, коммунистерді саяси шыңдықтыру, колхозшы шаруаларды коммунистік рухта тәрбиелеу жөніндегі жұмыстарын атап көрсетті. Сонымен қабат, пленум колхоз партия ұйымының жұмысы әлі де болса партия алға қойған міндеттер дәрежесінен кейін қалып отырығанына баса

назар аударды. Партия ұйымы колхоздың шаруашылық жұмысына партиялық бақылауды жеткіліксіз жүргізеді. Осының салдарынан колхозда еңбек тәртібін бұрмалау сыяқты фактілер жиі кездеседі. Ұйымдағы кейбір коммунистер еңбекте өнеге көрсете алмай жүр. Партия ұйымы партия оқуы мен үгіт-бұқаралық жұмыстың ойдағыдай жүргізілуіне жетісе алмай келеді.

Пленум колхоз партия ұйымының жұмысын онан әрі жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгілеп, қаулы алды.

А. ЖОЛДЫҒАРИН,
(Өз тілшіміз).

жолдас, — жаңа соғысқа жол бермей, барлық елдермен бейбітшілікте өмір сүру, Совет Одағының Коммунистік партиясы, Совет Үкметі былай деп есептейді: нағыз дұрыс, қажетті және әділ сыртқы саясат өзара сенімге негізделген, пәрменді, фактілерге сүйенетін және фактілермен дәлелденетін барлық халықтар арасындағы бейбітшілік саясаты болып табылады».

Коммунистік партия мен Совет Үкметі, бүкіл сан-миллиондаған совет халқы мүдделі елдердің өзара келісуі негізінде бейбіт жолмен шешуге болмайтындай талас немесе шешілмеген мәселе жоқ екендігіне берік сенеді.

Бүкіл бейбітшіл адамзат бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің мызғымас тірегі — Совет Одағына зор үмітпен, терең сүйсінген кепілмен көз жіберіп отыр. Совет мемлекетінің сыртқы саясаты — халықтар арасындағы бейбітшілік пен достық саясаты империалистердің жаңа соғысты бастауына шешуші кедергі болып табылады және таптардың өмірлік ынтызар мүдделеріне сай келеді.

Совет Одағының еңбекшілері бейбітшілік үшін күресе отырып, Отанның қуаттылығын нығайта беру жөніндегі өзінің қасиетті міндетін әрқашан есінде ұстайды. Олардың бейбіт тұрмысы мен жігерлі еңбегін ұрыстарда шынығып, даңққа бөленген Совет Армиясы қырағылықпен қорғауда.

Совет армиясының батыр жауынгерлері Ұлы Отан соғысы жылдарында өзінің борышын алғоймен орындады. Олар бұдан былай да өзінің қуатты Отанының лайықты ұлдары болатындығына совет халқы берік сенеді.

С. БОГДАНОВ,

Совет Одағының Батыры атағын өкірет алған, бронетанк әскерлерінің маршалы.

А. ИГНАТЬЕВ.

Озат сауыншы

Ленин ауданындағы «Орталық» ауыл-шаруашылық артелінің товарлы сүт фермасының сауыншысы Ш. Төкежановта сыйыр саууда жылма-жыл жаңа табысқа не болып келеді. Ол өткен жылы қарамағындағы 16 сыйырдан 16 бұзау өсірді. Әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 1025 литрден сүт алды.

Сауыншы сауын сыйырлардан сүтті быйыл да көп алып жүр. Ол Май мерекесін сүтті мол алумен қарсы алды. Кәзір ол қол жеткенмен тынбай, мал шаруашылығында жаңа табыстарға жету жолында белсене еңбек етуде.

Ж. ҚОЖАҒАЛИЕВА.

Кореядағы оқылғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 7 май (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін майдандарда өткен күні артиллериялық атыстар болды деп хабарлады. Халық армиясының теңіз жағалауындағы артиллериясы Ким Чак қаласының ауданындағы жағалауда дұшпанның соғыс кемесін суға батырды.

Бүгін жау самолеттерін атқыштар дұшпанның екі самолетін атып түсірді.

Редактор **Ғ. МУХАМЕДЖАНОВ.**

ССРО халық шаруашылығын қалпына келтірудің және өркендетудің мемлекеттік бесінші заемының 5-ұтыс тиражының таблицасы

Тираж 1953 жылғы 26 апрельде Тамбов қаласында өткізілді. Ұтыстар сериялар мен облигациялардың мына номерлеріне шықты.

Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен
080480	1—50	200	086021	49*	1.000	090815	1—50	200
080564	45*	1.000	086097	31*	1.000	090879	06*	1.000
080611	19*	1.000	086105	28*	1.000	091180	1—50	200
080918	1—50	200	086498	17*	1.000	091191	04*	1.000
081305	15*	1.000	086680	38*	1.000	091261	44*	1.000
081438	1—50	200	086805	06*	5.000	091344	1—50	200
081495	1—50	500	086832	10*	1.000	091574	31*	1.000
081760	1—50	200	086932	1—50	200	091653	31*	1.000
081852	25*	1.000	087125	1—50	200	091759	1—50	200
082000	45*	10.000	087197	1—50	200	091871	1—50	200
082069	44*	1.000	087352	01*	5.000	091896	29*	1.000
082146	39*	1.000	087696	04*	1.000	091991	1—50	200
082167	18*	1.000	087822	50*	1.000	092051	25*	1.000
082172	1—50	500	087954	32*	1.000	092107	32*	1.000
082179	38*	1.000	088005	1—50	500	092258	1—50	500
082336	18*	1.000	088187	08*	1.000	092378	22*	5.000
082903	26*	5.000	088440	01*	1.000	092475	1—50	200
083346	1—50	200	088707	07*	1.000	092586	32*	1.000
083508	1—50	200	088712	27*	1.000	092650	1—50	200
083539	46*	1.000	088723	35*	1.000	092799	26*	1.000
083582	33*	1.000	088826	20*	1.000	092902	04*	1.000
083682	37*	1.000	089009	1—50	200	092995	1—50	500
083692	1—50	200	089064	22*	5.000	093039	1—50	200
083715	25*	1.000	089145	1—50	200	093226	37*	1.000
083890	20*	1.000	089318	1—50	200	093853	1—50	500
083946	44*	1.000	089611	1—50	500	093860	46*	1.000
084006	1—50	200	089657	1—50	500	093985	18*	5.000
084032	14*	10.000	089827	1—50	200	094017	10*	1.000
084254	1—50	500	089878	1—50	500	094105	33*	1.000
084319	23*	1.000	089905	1—50	500	094153	1—50	500
084341	24*	1.000	089930	29*	1.000	094261	45*	1.000
084383	37*	1.000	089939	19*	1.000	094292	32*	1.000
084428	1—50	200	090011	1—50	200	094357	09*	1.000
084604	1—50	200	090029	45*	1.000	094566	1—50	200
085015	47*	1.000	090138	1—50	200	094597	46*	1.000
085024	44*	1.000	090195	07*	10.000	094611	1—50	200
085063	29*	1.000	090275	19*	1.000	094660	1—50	200
085294	1—50	200	090358	05*	1.000	094749	36*	1.000
085337	07*	1.000	090383	1—50	500	094773	38*	1.000
085438	45*	1.000	090433	45*	1.000	094903	02*	1.000
085529	06*	1.000	090476	24*	1.000	095145	16*	1.000
085632	1—50	500	090498	28*	1.000	095193	14*	1.000
085790	1—50	200	090529	31*	25.000	095342	1—50	500
085933	07*	5.000	090560	27*	1.000	095493	34*	1.000
085969	38*	1.000	090592	06*	1.000	095512	30*	1.000
			090807	1—50	500	095515	1—50	200

* Осы сериядағы облигациялардың қалған 49 номеріне 200 сомнан ұтыс шықты.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.